ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2023 жылғы 28 шілдедегі №2713-23-00-2/1545 Орал қаласы

Батыс Қазақстан облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Журабаев Б.Ш.
азаматық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Жәнібек ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«СЕКОН и КО»-Аубекеров Сердыгали Мергалиевич жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Жәнібек ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесінің жауапкер СЕКОН и КО»-Аубекеров Сердыгали Мергалиевич жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

СЕКОН и КО»-Аубекеров Сердыгали Мергалиевич жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

СЕКОН и КО»-Аубекеров Сердыгали Мергалиевич жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 4 636 (төрт мың алты жүз отыз алты) теңге тұрақсыздық айыбы, 1 864 (бір мың сегіз жүз алпыс төрт) теңге

мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор наразылық білдіруі мүмкін.

Судья **Журабаев Б.Ш.**

Құжатқа қол қойылған: Журабаев Б. Ш., 28.07.2023

Заңды күшіне енген күні: 12.09.2023, судья Бекенов Е. Р., 13.09.2023

«Төрелік» ақпараттық жүйесі - Сот өндірісі - Судопроизводство - Информационная система «Төрелік»

2713-23-3-1/1657